

Ақсай ауылының құрамды бөліктеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақсай ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі № 5 шешімі. Ақтөбе облысы Темір аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 28 сәуірде № 3-10-164 тіркелді

Ескерту. Шешімнің мемлекеттік тіліндегі деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақсай ауылдық округі әкімінің 20.01.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 -бабының 4 тармақшасына және Ақсай ауылдық округінің халқының пікірін ескере отырып, Ақсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімге қоса берілген схемалық картаға сәйкес орналасқан, Ақсай ауылының құрамындағы бөліктеріне (қыстауларына) келесі атаулар берілсін:

- 1) Бадамша;
- 2) Ақжар;
- 3) Қондайбаз;
- 4) Байғанин;
- 5) Ермекбай;
- 6) Төрттоғай;
- 7) Жаңабаз;
- 8) Сүлікті;
- 9) Еділсай;
- 10) Ойылбаз;
- 11) Отарбаз;
- 12) Ақтас;
- 13) Қаржаубаз;
- 14) Сартөбе.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК